**"Азаматтық қорғау органдары лауазымдарының санаттарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі міндетін атқарушысының 2023 жылғы 17 мамырдағы № 255 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 696 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 25 желтоқсанда № 33797 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2026 жылғы 22 қаңтардағы № 25 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 22.01.2026 № 25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Азаматтық қорғау органдары лауазымдарының санаттарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі міндетін атқарушысының 2023 жылғы 17 мамырдағы № 255 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32519 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі аппараты лауазымдарының санаттарына қойылатын біліктілік талаптарында:

8 және 9-тараулардың тақырыптары мынадай редакция жазылсын:

"8-тарау. ТЖМ Ақпараттандыру, цифрландыру және байланыс департаментінің лауазымдары бойынша

9-тарау. ТЖМ Кадр және тәрбие жұмысы департаментінің лауазымдары бойынша";

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) аумақтық органдары лауазымдарының санаттарына қойылатын біліктілік талаптарында:

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Кадр және тәрбие жұмысы бөлімшелерінің лауазымдары бойынша";

көрсетілген бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің (бұдан әрі - ТЖМ) қарамағындағы мемлекеттік мекемелер лауазымдарының санаттарына қойылатын біліктілік талаптарында:

1-бөлімде:

3 және 4-тараулар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| 3-тарау. Кафедралардың лауазымдары бойынша | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8. | Кафедра бастығы | C-SVU-6 (қызметкер) | Жоғары оқу орнынан кейінгі | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары:<br>Өрт қауіпсіздігі<br>Өрт сөндіру және авариялық-құтқару ісі<br>Төтенше жағдайларда қорғау<br>Азаматтық қорғаныс күштерінің командалық тактикалық<br>Педагогикалық ғылымдар<br>Өнер және гуманитарлық ғылымдар<br>Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат<br>Бизнес басқару және құқық<br>Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика<br>Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | C-SVU-6 санаты лауазымдары на орналасу үшін жұмыс өтілі № 67 бұйрықтың 15-тармағында көзделген талаптардың біріне сәйкес келуі тиіс. | Жоғары тұрған лауазымдарға орналасу үшін кадр резервіне алынған қызметкерлер мен әскери қызметшілер қатарынан тағайындалады.<br>Ғылыми дәрежесінің немесе ғылыми атағының болуы. |
| 9. | Кафедра бастығының орынбасары | C-SVU-7 (қызметкер) | Жоғары оқу орнынан кейінгі | | C-SVU-7, C-SVU-8 және C-SVU-9 санаты лауазымдары на орналасу үшін жұмыс өтілі № 67 бұйрықтың 16-тармағында көзделген талаптардың біріне сәйкес келуі тиіс. | Жоғары тұрған лауазымдарға орналасу үшін кадр резервіне алынған қызметкерлер мен әскери қызметшілер қатарынан тағайындалады |
| 10. | Профессор | C-SVU-8 (қызметкер) | Жоғары оқу орнынан кейінгі | | | |
| 11. | Доцент | C-SVU-8 (қызметкер) | Жоғары оқу орнынан кейінгі | | | |
| 12. | Аға оқытушы | C-SVU-9 (қызметкер) | Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 13. | Оқытушы | C-SVU-12 (қызметкер) | Жоғарыдан төмен емес | Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары<br>Ауыл шаруашылығы және биоресурстар<br>Қызметтер<br>Әскери іс және қауіпсіздік<br>Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)<br>Сот сараптамасы<br>Техносфералық қауіпсіздік<br>Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою | Жұмыс өтілі талап етілмейді. | |
| 4-тарау. Азаматтық қорғаныс және әскери дайындық, төтенше жағдайларда қорғау кафедраларының лауазымдары бойынша | | | | | | |
| 14. | Кафедра бастығы | C-SVU-6 | | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары: | C-SVU-6 санаты лауазымдарына орналасу үшін жұмыс өтілі келесі талаптардың біріне сай болуы тиіс:<br>1) құқық қорғау не арнаулы мемлекеттік органдарда не әскери қызметте не судья лауазымында жұмыс өтілі екі жылдан кем емес;<br>2 ) мемлекеттік қызметте | Жоғары тұрған лауазымдарға орналасу үшін кадр резервіне алынған қызметкерлер мен әскери қызметшілер |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | (әскери қызметші) | Жоғары оқу орнынан кейінгі | Өрт қауіпсіздігі<br>Өрт сөндіру және авариялық-құтқару ісі<br>Төтенше жағдайларда қорғау<br>Азаматтық қорғаныс күштерінің командалық тактикалық<br>Педагогикалық ғылымдар<br>Өнер және гуманитарлық ғылымдар<br>Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат<br>Бизнес басқару және құқық<br>Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика<br>Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар<br>Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары<br>Ауыл шаруашылығы және биоресурстар<br>Қызметтер<br>Әскери іс және қауіпсіздік<br>Денсаулық сақтау және | жұмыс өтілі үш жылдан кем емес;<br>3) осы санаттардағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі бес жылдан кем емес;<br>4) Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін жұмыс өтілі бес жылдан кем емес. | қатарынан тағайындалады.<br>Ғылыми дәрежесінің немесе ғылыми атағының болуы. |
| 15. | Кафедра бастығының орынбасары | C-SVU-7 (әскери қызметші) | Жоғары оқу орнынан кейінгі | | C-SVU-7, C-SVU-8 және C-SVU-9 санаты лауазымдарына орналасу үшін жұмыс өтілі келесі талаптардың біріне сай болуы тиіс:<br>1) құқық қорғау не арнаулы мемлекеттік органдарда не әскери қызметте не судья лауазымында жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;<br>2) мемлекеттік қызметте жұмыс өтілі екі жылдан кем емес; | Жоғары тұрған лауазымдарға орналасу үшін кадр резервіне алынған қызметкерлермен әскери қызметшілер қатарынан тағайындалады |
| 16. | Профессор | C-SVU-8 (әскери қызметші) | Жоғары оқу орнынан кейінгі | | | |
| 17. | Доцент | C-SVU-8 (әскери қызметші) | Жоғары оқу орнынан кейінгі | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 18. | Аға оқытушы | C-SVU-9 (әскери қызметші) | Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі | әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) Сот сараптамасы Техносфералық қауіпсіздік Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою | 3) осы санаттардағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес; 4 ) Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін жұмыс өтілі бес жылдан кем емес. | |
| 19. | Оқытушы | C-SVU-12 (әскери қызметші) | Жоғарыдан төмен емес | | Жұмыс өтілі талап етілмейді. | |

";

9-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-тарау. Кадр жұмысы бөлімшелерінің лауазымдары бойынша";

17-тараудың 7-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7 - параграф. Кадр жұмысы бөлімшелерінің лауазымдары бойынша";

2-бөлімнің 8-тарауының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-тарау. Кадр және тәрбие жұмысы бөлімшесінің лауазымдары бойынша".

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр және тәрбие жұмысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі* *С. Шарипханов*

"КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет
істері агенттігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК